

«Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс
жинақ банкі» акционерлік қоғамы

Қазақстан Республикасы
А05А2ХО, Алматы қ.,
Абылай хан даңғылы, 91

тел.: +7(727) 330 93 00
факс.: +7(727) 279 35 68



Акционерное общество «Жилищный
строительный сберегательный банк
«Отбасы банк»

Республика Казахстан
А05А2ХО, г. Алматы,
пр. Абылай хана, 91

тел.: +7 (727) 330 93 00
факс.: +7 (727) 279 35 68

«06 апрель» 2023 ж./г. № 09/1-15-23/5061

Банктер және басқа да серіктестер

*Қылмыстық жолмен алынған кірістерді
заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді
қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар туралы*

«Отбасы банк» АҚ (бұдан әрі – Банк) өзінің сый-құрметін білдіре отырып, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚ) бойынша Банк қабылдайтын шаралар туралы келесі ақпаратты ұсынады.

Банк қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға ықпал ететін қызметке тікелей немесе жанама қатысы жоқ, кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға байланысты операцияларды жүзеге асырмайды.

Банктің КЖ/ТҚҚ саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа қатыспайтын мемлекеттерде (аумақтарда) тіркелген банктерде шоттары жоқ, сондай-ақ қалқа-банктермен қатынастар орнатпайды және корреспонденттік қатынастарды қолдамайды.

Банк КЖ/ТҚҚ туралы заңнаманың талаптарын іске асыру мақсатында Банктің Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелін басқару саясаты, Банктің Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау қағидалары бекітілді, сондай-ақ оларды іске асыруға жауапты тұлға тағайындалды (бас комплаенс-бақылаушы Ольга Николаевна Хлыстова, тел. +7 (727) 330 93 00, ішкі 00112, e-mail: khlystova.o@hcsbk.kz).

Банк «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын орындау үшін КЖ/ТҚҚ бойынша барлық қажетті шараларды жүзеге асыратынын хабарлайды.

«Отбасы банк» АҚ Басқармасының төрайымы

Л. Ибрагимова

0040007